

МРНТИ 16.01.17

А.Ж. Аманбаева

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының фонетика бөлімінің менгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты

**ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ТҮРІК ТІЛІНІҢ ОРФОЭПИЯСЫ
(қазақ тілін түрік тілімен салыстыру барысында)**

Аннотация. Мақалада латын әліпбиіне негізделген түрік тілінің орфоэпиясы жайында сөз болады. Сондай-ақ түрік тілі мен қазақ тілінің орфоэпиясы салыстыра сипатталады.

Тірек сөздер: орфоэпия, орфография, жазу, әліпби, латын әліпбиі.

А.Ж.Аманбаева

Заведующий отделом фонетики Института языкознания имени
А. Байтұрсынова, кандидат филологических наук

**ОРФОЭПИЯ ТУРЕЦКОГО ЯЗЫКА НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОГО АЛФАВИТА
(сравнение казахского языка с турецким языком)**

Аннотация. В статье рассматривается орфоэпия турецкого языка на основе латинского алфавита. Также сравнительно описывается орфоэпия турецкого и казахского языков.

Ключевые слова: орфоэпия, орфография, графика, алфавит, латинский алфавит.

A.Zh. Amanbayeva

Head of the Phonetics Department of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
candidate of philological sciences

**ORTHOEPY OF TURKISH LANGUAGE BASED ON LATIN ALPHABET
(comparison of the Kazakh language with the Turkish language)**

Annotation. The article deals with the orthoepy of the Turkish language based on the Latin alphabet. The orthoepy of the Turkish and Kazakh languages is also comparatively described.

Keywords: orthoepy, orthography, graphics, alphabet, Latin alphabet.

Түрік халқы латын әліпбиіне 1928 жылы сол кездегі елбасы М.К.Ататүріктің бастамасымен көшкен болатын. Оған дейін араб графикасын пайдаланған ел үшін бірден латын әліпбиіне өту әрине, оңай болған жоқ. Латын әліпбиіне көшуге тез арада шешім қабылдаған, жүзеге асырған Түркияда латын әліпбиіне өту кезеңі бар-жоғы бір жылға ғана созылған. 1928 жылдың 1 қарашасында М.К.Ататүрік «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» заң шығарады. Бұл заң бойынша шұғыл түрде 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер латын әліпбиіне өте бастайды, тіпті араб графикасын қолдануына рұқсат берілмейді. Түрік ғалымдарының айтуына қарағанда, «латын әліпбиіне көшу үшін бірден көшпей, бірте-бірте белгілі бір уақытты алға салып барып көшкен» дұрыс екен. Өйткені түрік ғалымдары латынға көшкеннен бергі 70 жыл бойы халқының қиналғандығын алға тартады. Ең алдымен, латынға көшу үшін бірнеше тәжірибелерді пайдалана отырып, қателіктер жібермеу керек деген ой айтады.

Жалпы қай халықтың болса да сөйлеуі мен жазуында өзіндік ерекшеліктер бар. Қазақ

тіл білімінде осыған байланысты жазылым және айтылым, яғни «Орфографиялық сөздік» пен «Орфоэпиялық сөздіктер» бар. Ал түрік тілінде «Yazım Kılavuzu» деп аталатын «Орфографиялық сөздік» бар, алайда, «Орфоэпиялық сөздік» жоқ, сол елдің ғалымдары әлі де болса ол жағы қарастырмағандығын, қалай жазылса, солай сөйлейтіндігін, ақсап жатқандығын айтады.

Түрік ғалымы, «Гази» университетінің профессоры Ахмет Бижан ...түрік тілінде бірнеше диалектілердің бар екендігін, соның ішінде үлгі ретінде Стамбул диалектісі бойынша сөйлейтіндігін айтады. Осы орайда түрік тілінде шыққан диалектілік ерекшеліктерге байланысты бірнеше кітаптар бар.

Жалпы тіл білімінде орфография мен орфоэпияның өзіндік алар орны ерекше. Өйткені жазылым мен айтылымның әрқайсысының арасында өзіндік ерекшелігі бар. Қай тілді алсаңыз да жазылуы мен сөйленімінде айырмашылықтары байқалып отырады. Ғалымдарының айтуына қарағанда, орфоэпиялық сөздігі болмаса да, «Türkçe sözlük» атты сөздікте айтылуы бойынша транскрипциясы беріледі. Яғни орфоэпиясын сол сөздіктегі транскрипциясына қарай отырып ұғынуға болады.

Біз зерттеуімізде түрікше сөздіктегі транскрипция арқылы берілген сөздердің ішінен ерекшеленіп айтылатын сөздерді бөліп алдық. Ондағы ерекшеліктер айталық, *Ahlat* – *Ahla:ti*, *Ağyar* сөзі *Ağya:ri*, *Bargâh* сөзі *Bargâ:hi*, *hafriat* сөзі *hafria:ti* түрінде беріліп, жазылуы мен айтылымындағы ерекшеліктері байқалады және (J таңбасы созылыңқы айтылуын білдірсе, ал *Agaçrîpesi* – *aga'çrîpesi*, *çopra* – *ço'pra*, *devri-âlem* – *de'vriâ:lem*, *devridaim* – *de'vrida:im* деген сөздерде (') диакретикалық белгі арқылы берілуі көтеріңкі тонмен, яғни логикалық екпін түсіріліп айтылағандығы белгілі болып отыр. Мәселен,

орфографиясы	орфоэпиясы
agaçrîpesi –	aga'çrîpesi
ahlat –	ahla : ti
ağyar –	ağya : ri
babiali –	ba : bia : li
babayani –	babaya : ni :
bariçe –	ba : ri : çe
bargâh –	bargâ : hi
bayatiaraban –	baya : ti : araba : ni
beyanat –	beya : na : ti
bulanır –	bula' nıgı
cinai –	cina : i :
cezai –	ceza : i :
hasar –	hasa : ri
çopra –	ço'pra
dâhili –	da:hili:
dâhiyane –	da:hiya:ne
derbederce –	derbede'rce
devriâlem –	de'vriâ:lem
devridaim –	de'vrida:im
düçar –	dü:ça:r
hafriat –	hafria:ti

Түрік тілінде сөз арасында диакретикалық белгі арқылы көтеріңкі тонмен, әрі созылыңқы айтылатын да сөздер бар екен. Оған төменде берілген сөздерді мысал ретінде қарастыруға болады.

Орфографиясы	орфоэпиясы
beraberce bera:	be'rce
binnetice	bi'nneti:ce
cahilce	ca:hi'lce

cahilcesine	ca:hi'icesine
cebellezi	cebe'lezi:
çamaçar	ça'ma:çar
fakruzaruret	fa'kruzaru:ret

Ал қазақ тіл біліміне келер болсақ, бізде орфоэпиялық сөздік бар және ол сөздікте әрбір сөздің айтылымы берілген. Диакретикалық екі түрлі таңбасы, яғни ° еріндікпен айтылуын көрсетсе, ал Таңбасы просодикалық тұрғыдан бір деммен айтылуын білдіреді.

Сөз ішінде сөз тіркесінің жігінде босаң жуысыңқы айтылатын *б, п, қ, к* дауыссыздарының үстіне «°» белгісі қойылады.

Жалпы буын саны төрттен асатын бір мағыналық қатынасты білдіретін немесе бір атауды білдіретін сөздер әрқайсысы өзіндік әуезбен айтылатынына қарамастан, кідіріссіз, бір ырғақты топ құрайтындықтан, орфографиясы бірге/бөлек тұлғаланса да орфоэпиясында бөлек көрсетіліп, олардың арасына доға қойылады. *Егеуқұйрық – егеуқұйрық, кәсіпорын – кәсіборұн, сәлем беру – сәлемберуу.*

Бір деммен тұтас сөз түрінде айтылып, бір ұғымды білдіретін, бірақ бөлек жазылған екі сөздің тіркесі айтылым үлгісіне сәйкес сөздіктің орфоэпиялық бөлігінде бірге жазылып беріледі. *Май шам – майшам, тақ сан – тахсан, сен ғана – сеңғана.*

Кейде екі сөзге де ой екпіні түсірілсе, олар буын санының шектеулі болғанына қарамастан, жеке-жеке ырғақпен айтылады, сондықтан орфоэпиясында араларына доға қойылып беріледі: *сен де, мен де.*

Сөз тіркесі жігіндегі қатар келген екі дауыстының алдыңғысы, не соңғысы түсірілсе апостроф (') қойылады. *Сарыағаш – сар'ағаш, не істеді – не'стеді.*

Орфографиясы орфоэпиясы

Абай	А°бай
қыпшак	қып°шак
бақсы	бақ°сы
егеуқұйрық	егеу°құйрұк
кәсіпорын	кәсіб°орұн
сәлем беру	сәлем°беруу
бара жатыр	бара°жатыр
май шам	майшам
тақ сан	тахсан
сен ғана	сеңғана.
Сен де	сен де
мен де	мен де
Сарыағаш	сар'ағаш
не істеді	не'стеді

Қорыға келгенде, түрік тілі мен қазақ тілін салыстыру барысында латын қарпіне көшкенде қандай тәжірибелерге сүйену қажеттілігі болашақта қарастырылатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы, 2005. 87 б.

[2] TÜRKÇE SÖZLÜK. 11. Baskı Ankara, 2011. 95 б.